

# Егемен Қазақстан

Таңжарық түпнұсқасын түгендейтін кез келді



Таңжарық Жолдыұлының жыр керуені енді, міне, Арқа төсіндегі Астанаға да жетіп, ЕҰУ-де дүркіреп ақынның 110 жылдығы өтті. «Алаш идеясы және Таңжарық Жолдыұлы мұрасы» атты халықаралық ғылымтәжірибелік конференцияға С.Негимов, Қ.Алпысбаев, Т.Мәмесейіт, Б.Омар, А.Шәріп, Д.Мәсімхан, О.Жәлел, Б.Жылқыбек, Ы.Олжай бастаған білікті ғалымдар шын ықыластарымен атсалысты.

Таңжарық Жолдыұлы қазір жұрт қолында жүрген өлең-дастандарымен-ақ қазақ әдебиетінен ойып тұрып орнын алады. Оған күмән жоқ. Бірақ, өмірі аумалытөкпелізаманға дөп келген, империяның жастай құрбаны болған боздақ үшін, әрине, өз түпнұсқа өлеңдерінің орнымен маңызы қашанда бөлек.

Әңгімені осы мәселе төңірегінде қаузау үшін сөзді сәл әріден бастауға тура келеді. 1978 жылы ҚКП 11-құрылтайының «Үшінші жалпы жиыны» ашылып, Дэн Сяопиннің үшінші мәрте билік басына келген, екі тізгін, бір шылбырды қолына шындап алған мезгілі – коммунистік жүйедегі Қытай елінің аласапыраннан құтылып, жаңа дәуірге аяқ басқан кезі-тұғын. Келесі, 1979 жылы Бейжіңде бүкіл қытай әдебиеткөркемөнер қызметкерлерінің төртінші құрылтайы ашылды. Дэн Сяопиннің өзі келіп, арнайы сөз сөйлеп, бағытбағдар ұсынды. «Әдебиет-көркемөнер қызметкерлері партия мен халықтың сеніміне, аялауына, құрметтеуіне ие болуға тиіс», деді ол осы жиналыста. Бұдан кейін лапылдап тұрған төңкерістік күрес бір жолата аяқталып, саяси, рухани бұғау алынып тасталды. Қытай қоғамының барлық саласында жаңа серпін пайда болды. Бейбіт күн, мамыражай тыныштық орнады.

Бұл кезде таңжарықтануды сонау елуінші жылдары бастаған жазушы Оразанбай Егеубаев Тарым алаңындағы жаза мерзімін тәмамдап, жабылған жаладан арылып, жағылған күйеден құтылып, қайта қатарға қосылды. Іркіліптартынбастан бірден қаламын қолына алып, өз шығармаларын жазумен бірге Таңжарық мұраларын жинау, зерттеу жұмысын бастап кетті.

Таңжарық Жолдыұлының шығармаларының халық жүрегінен қағаз бетіне шындап түсе бастаған кезеңі де осы сексенінші жылдардың басы. Алғашқы бір-екі жылда ақын өлеңдері қауырт жиналды. Бүкіл Шығыс Түркістанның түкпір-түкпірінен, тіпті алыс-жақын шетелдерден де Таңжарықтың жырдастандары өз мекені Күнес ауданының мәдениет мекемесіне келіп құйылып жатты. «Түрме халі», «Анар-Сәуле» атты шағын кітаптарының шыққаны болмаса, ол кезде толық жинағы жарық көріп үлгермеген еді.

Таңжарық Жолдыұлының 80 жылдығы Күнес ауданында аталды. Аталмыш мерейтойға Үш аймақпен бірге, өлке орталығы Үрімжіден де қонақтар қатысты. Сол сапарында болу керек, Омарғазы Айтанұлы Таңжарыққа арнап дастан жазғаны бар. Осы тойдан Үрімжіге қайтарында ақынның Күнес ауданы бас болыпжиналғанмолмұрасын Оразанбай Егеубаев өзімен бірге ала қайтады. Бұл Таңжарық ақынның қаламымен қалай жазылды, халық жадында солай сақталған түпнұсқа еді.

Осыдан кейін көп өтпей, Үрімжіден Таңжарық Жолдыұлының толық жинағын шығару қолға алынды. Омарғазы Айтанұлы, Ғалым Қанапияұлы, Оразанбай Егеубаев, Қасымхан Уатханұлы әскери қонақ үйде айлап жатып, ақын өлеңдерін кітап етіп құрастыруға кірісті. Өкініштісі, ел аузынан жиналған дүниелерді, сол кездің жағдайында, қаз-қалпында шығару мүмкін емес еді. Гоминдаң үкіметі билік жүргізген тұста өмір сүрген, сол үкіметтің Күредегі мектебінен оқыған, қытайшағажетік, Кеңес Одағына барыпкеліп тұрған, жасырын ұлт-азаттық ұйым ұйымдастырған, Шығыс Түркістан республикасының құрылуы қарсаңында күдікті ретінде қолға алынған, Шың Шысай түрмесінде жеті жыл отырған аты шулы Алаш ақынының асау өлеңдерінің басыкоммунизмнің қайыс ноктасына сия қойсын ба?!

Амал жоқ, тарпаң таланттың тас түрменің қабырғасын қақыратқан, қара аспандай күркіреп тұрған рухы асқақ жырларын жұмсартуға тура келеді. Ақынға өз табиғатына мүлде жат «материалист», «демократ» деген шапан кигізілді. «Шапаны» жабылып, «табы айқындалғаннан» кейін партия мен үкіметтің беті бері қарай бастады.

Сөйтіп, екі томнан тұратын қоңыр кітап, «Таңдамалы шығармалар» деген атпен 1985 жылы баспадан шықты. Үшінші томы 2002 жылы жарық көрді. Бұл тұста Таңжарықпен замандас, балалық, жастық дәуренін бірге өткізген, қоғамдық жұмыстарда тізе қосып қызмет атқарған, тіпті түрмеде бірге жатқан, аласапыран жылдардың қанды шеңгелінен әуірімдеп аман қалған Әсейін Жақсылықұлы, Ырымбек Сарқұлжаұлы қатарлы көнекөздер түгелге жуық тірі еді. Сол қос томдықтың баспадан шығуына ғана қарап тұрғандай, манағы дана көкірек қарттардың қаламымен ардақты ақын туралы аса құнды эсселер мен зерттеу мақалалары толассыз жазыла бастады. Осылайша, бірден таңжарықтануға кеңжол ашылды да кетті. Ұзақ жыл көз жазып қалған ақынымен қайта табысу – ол кезде арғы беттегі қазақтар үшін өшкені жанып, өлгені тірілген бір мезгіл болды.

Орекең екі томдықты ілдәлдалап шығарып алған соң, ары қарайғы жерде ардақты ақынның шыққан тегі, туған жері, үрім-бұтағы, өскен ортасы, азапты өмір жолы, атқарған қоғамдық қызметі, шетел асқан іздері, ақындық болмысы, өлеңдерінің туу тарихы, көркемдік әлемі, түрмеге түсу себебі, қайраткерлік тұлғасы жайлы кең ауқымды зерттеуге бел шеше кірісіп кеткен болатын. Осының бәрі қазір айтуға оңай болғанымен, әрбірі бір-бір томға жүк болатын күрделі тақырыптар еді. Сол қызық та құнды дүниелер Оразанбай қаламының құдіретімен Үрімжіден Шыңжаңның алыс түкпірінде жатқан қарапайым қазаққа дейін күн құрғатпай жетіп жатты.

Таңжарық Жолдыұлы туралы ой толғамаған, пікір білдірмеген қаламгер, әй, жоқ шығар деймін. Қазақты қойып, ақынмен кезінде дос болып өткен Қасым Әзезов, Мөмін Сапари бастаған ұйғыр зиялылары да қарап қалған жоқ, өзі білетін шындықтарды қазақ туысқандарының қоржынына бірбірлеп салып отырды. Әркім өз шамашарқынша, таным-түсінігінше безбендеп бақты.

Әрине, бұл Таңжарықты зерттеу толқынының үлкен арнасын Орекең – Оразанбай аға Егеубаев осынау керуенді істі алға сүйреді де отырды. Бәрі де елім деп еңіреп өткен ақынға деген жақсы ниеттен, адал жүректен туған дүниелер еді. Әйтсе де, амалсыздан жапсырған сол «материалист», «демократ» деген шапанның қызыл бояуын қалыңдататындардың, ақын жырларынан Ленин мен Мао Цзэдун төңкерісінің боранын іздейтіндердің саны күн санап молайып бара жатты. «Тәкең жауынгер атеист. Халыққа, әсіресе, қазақ халқына атеизм тәрбиесін жүргізу жөнінен жемісті еңбек еткен адам», «Таңжарық тек қазақ халқының ғана аяулы ақыны болып қалмастан, қайта ол жүнге ұлтының да көрнекті ақындарының бірі» немесе «Таңжарық идеясы – материалистік қарапайым диалектика» деген секілді науқандық тұжырымдарды екі мақаланың бірінен оқуға болатын еді ол кезде.

Таңжарық табиғатының тым жайдақталып, мүлде басқа бағытқа кетіп бара жатқанын байқап, шынымен қынжылған болу керек, сол кездегі Іле Қазақ автономиялы облыстық Жазушылар қоғамының төрағасы, қазақтың аса көрнекті жазушысы Оразхан Ахметов 1988 жылы өзі басқаратын «Іле айдыны» журналында «Сөнбес алау» деген аттымақаласын жариялады. Оразанбай Егеубаевтың түрмелес досы, қазақ қара сөзінің зергері Оразхан аға аталмыш мақаласында Таңжарықтың ұлы Абайдың дәстүрінен үлгі-өнеге алған Шығыс Түркістандағы қазақ әдебиетінің алғашқы өкілі екенін айта келіп: «Таңжарық – төңкерісшіл ақын. Оның өмірі, бүкіл еңбегі Отанының, туған халқының азаттығы, жарқын болашағы үшін арналды. Бір үлкен суреткердің бар еңбегін бір идеялық жүйеге сыйғызуға, бір өлшемге түсіруге әсте болмайды. Сондықтан, Таңжарық шығармаларынан тек төңкерістік идеялар биігінен ғана емес, әр дәуірдегі ой толғамның, дүниетанымның логикасы, шындығы тұрғысынан назар салуымыз керек», деді. Ақынның «Анар-Сәуле» дастанының көркемдік әлемін жеріне жеткізе талдаған Оразхан Ахметов тағы да «Анар-Сәуле» дастаны – дәуір сынағынан өткен әдебиетіміздің асыл мұрасы. Ол идея, көркемдік жетістігі жағынан өзімен замандас қазақ совет поэзиясының таңдаулы үлгілері – «Сұлушаш», «Құралай сұлу», «Күйші» дастандарымен тең тұра алатын аса күрделі еңбек», деп бағалады.

Бұл мезгілдің Алшорда көсемдерінің енді ақтала бастаған тұс екенін ескерсек, Таңжарық тұрақтайтын тұғырдың Маркс негіздеген коммунистік ұрандармен көмкерілген қызыл аландар жақта емес, Бөкейханов туын желбіреткен анау алыстағы Алаш топырағында – Ахмет, Міржақыпқа тақау тұрған Жансүгіров, Байзақов шыққан биікте жатқанын Оразханның батылдықыпен, көрегендікпен нұсқап көрсетуі, таңжарықтанудың тізгінін өзінің әуелгі бағытына қарай бірден бұрып жіберді.

Осыдан бастап ақын өлеңдерін талдауда жаңа көзқарас, тың серпін пайда бола бастады. Бұған сол кездегі әдебиет әлеміне жаңа қадам басқан жас перілер Омарәлі Әділбеков, Ыдырыс Әділханов бастаған сыншылардың мақалаларын атап айтуға болады. Омарәлі «Заман талабы тылсым қаһарман емес» десе, Ыдырыс Таңжарықты бірден «ұлтшыл ақын» деп айта алмағанымен, соған жақын, сол мағынаны беретін «халықшыл ақын» деген тіркесті айналымға енгізе бастады. Әрине, бұл «Таңжарық – ұлттар достығының үлгісі», «Таңжарық – материалист ақын» дегендермен мүлде салыстыруға келмейтін жаңалық еді.

Бірақ, бұл қадам да тым алысқа ұзап бара қойған жоқ. Таңжарықтану ғылымықанатын енді-енді ептеп ұлттық бағытпен қаға бастаған сол кезеңде – 1989 жылы көктем мен жаз аралығында Бейнеудегі студенттердің көтерілісі бұрқ ете түсті. Оған қоса, еркіндік аңсаған ұйғыр мен тибеттіктердің де бас көтерулері жер-жерде жиілеп кетті. Ереуілдердің соңы қанды қырғындарға ұласты да, орталықтан «буржуазиялық еркінсуге қарсы» қатаң саяси науқан жүргізілді. Мұндайда науқан ең алдымен баспасөз, ақпарат құралдарынан басталатыны белгілі...

Әрине, Таңжарықты зерттеу тоқтап қалмағанымен, оған өз деңгейінде тарихи баға беру қиынға соқты. Бұрынғы кепешін қайта кимегенімен, есесіне көжеге қатуға келмейтін көкжасық дүниелер тағы қылаң бере бастады. Оразанбай Егеубаев секілді тәсілін тауып, тігісін жатқыза алмағандар аяғын аңдып басуға мәжбүр болды.

Соған қарамастан, 1993 жылы Таңжарық Жолдыұлының 90 жылдық тойы кең көлемде аталып өтілді. Құлжа қаласындағы Іле пединститутының жанынан, қай бағытта жұмыс істесе де «Таңжарықтану қоғамы» құрылды. Онда арнайы қызмет істейтін адамдарға жұмыс кестесі бекітілді. Қоғам түгелдей мемлекет қазынасынан қаржыландырылатын болды. Күнес ауданынан Таңжарықтың мұражай үйі салынып, құнды жәдігерлер сонда топтастырылды. Ақын кітаптарының таралымы да бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетті. Ең бастысы, алғашқы адымдағы «Таңжарықтану» ғылымы қалыптасты.

Сөз реті келгенде айта кеткеніміз жөн шығар, осының бәрінде марқұм Оразанбай аға Егеубаевтың қуатты қолы тимеген, ащы тері тамбаған жұмыс жоқ.

Жалпы, Оразанбай Егеубаевтың Таңжарық мұраларын ерте бастан толықтай Үрімжіге алып кетіп жариялауынан, дәріптелуі жағынан Таңжарық та, зерттелуі тұрғысынан таңжарықтану ғылымы да зиян тартқан жоқ. Әрине, Үрімжіні Күнесне Құлжамен салыстыруға келмейді ғой. Қазақ зиялыларының қаймағы, баспасөз бен ақпараттың ошағы да сол қалада болды. Орекеңнің өзі де фольклорға арналған «Мұра» деген журналдың басында отырды. Ең бастысы, бұл шаһарда пәрменді билік бар еді. Етектегіні тауға шығарудан гөрі, тау басындағы дүниені етекке қарай сырғыту, әрине, оңай. Оразанбай аға осы мүмкіндіктердің бәрін көрегендікпен, ептілікпен өте ұтымды пайдалана алды. Бұл – бір. Екіншіден, Орекең сонау бала жасынан Таңжарыққа басыбүтін берілген, екеуінің табиғаты табысқан, саналы ғұмырын ақын өмірін зерделеуге арнаған, аруақ алдында қандай қиын күндерде де титтей ауытқымай адал қызмет атқарған азамат. Өзі кең құлашты жазушы болумен қатар, аса білікті ғалым да болатын. Оған жанкешті қажырлығын қосыңыз. Ханмен де, қарамен де түгел тіл табысып, сөйлесе білетін алғырлығы тағы бар. Үлкен есіктерді қақпай кіретін атақ-абыройы мен бет-беделі де бар еді. Ғасыр соңына таяғанда Таңжарық Жолдыұлының да, оны өмірлік тақырыбы етіп зерттеген Оразанбай Егеубаевтың да атағы аспандады. Екеуі бірін айтса, екіншісі еске түсе кететін егіз ұғымға айналды.

Арада дүние адам таңғаларлықтай өзгерді. Таңжарықтанудың Шығыс Түркістанда басталған сол керуені енді шетел асты. Орекең – Оразанбай аға Егеубаев Таңжарыққа қатысты ғұмыр бойы жиған-терген қолжазбалары мен тасқа басылған дүниелерін арқалап, Меңтайын жетелеп, Қазақстанға келді. Мақсат – Таңжарық армандаған тәуелсіз елде түпнұсқа өлеңдерді шығарып, ақиық ақынды өз үйірі – Алаш арыстарының қатарына қосу.

Шынымен де, азат жырдың алып қанатын еркін қағатын, кедергісіз самғайтын жері осы кеңістік. Оны тарлан талант кезінде білмеді емес, білді. Тіпті, елден ерте сезді. Қазақ елі өз тізгінін өз қолына алғаннан кейін де Таңжарықты бұрынғы «шапаны» астында ұстай тұрып, Орекеңнің ақын өміріне қатысты тағы да біраз жұмыстарды тындырып алуға бекігенін жақсы білеміз. Ол – Үрімжі архивіндегі түрменің тергеу материалдары мен ақынға таққан айыбы болатын. Жанкешті ағамыз оған да там-тұмдап қол жеткізді...

Бірақ, бұл қадам да оңай бола қойған жоқ. 2003 жылы Таңжарық Жолдыұлының 100 жылдық тойын Қазақстанда тойлау қарсаңында Орекең соның бәрін кәдеге жаратып, «Таңжарық – Алаштың ақыны» деді. Бұл біраз әңгімеге арқау болды. Мынадай үскірік сөз, Оразанбай ағаны қойып, жай тілеулес болып жүрген біздің өзімізді абдыратып тастады. Сонау 1956 жылы алғашқы болып Таңжарық жөнінде «Ақын ауылында» атты мақала жазып, соның себебінен «оңшыл-ұлтшыл» атанып жұмыстан қуылған, сотталып Тарымға айдалған, сан мәрте азаптың адам төзгісіз түрлерін көрген, енді жер ортасы жетпіске таяғанда Тәуелсіз елге келіп еңсе көтере бастаған Орекеңе оңай тимеді. Жүрегіне ауыр салмақ түсірді. «Бітті, Оразанбай Егеубаев Қытайдағы барлық атақ-дәрежесінен, зейнетақысынан айырылады. Сотталып кетуі де мүмкін!» деген суық сөз ерсілік арсылы есті.

Арада аз күн өткенде, қаламгер Үрімжіге барып, тиісті мекемелердің қабылдауында болып, мән-жайды толық баяндап, «Алаш ақыны» дегенде оның Алашорда үкіметімен «қатысы жоқ», тек ортадан озып шыққандарға айтылатын алаштың азаматы деген «мағынада» ғана қолданылған сөз екенін «түсіндіріп», істі жылы жауып қайтты.

Өкінішті жері сол, Оразанбай Егеубаев Таңжарықты шырқау биікке жеткізіп, өз деңгейінде зерттеуге үлгере алмады. Оған оның білім-білігімен қабілет-қарымының жеткіліксіздігі емес, сол баяғы заманның тарлығы басты себеп болды. Солай бола тұра, ол таңжарықтанудың іргетасын мызғымастай етіп құрыштан құйып беріп кетті. Ары қарайғы зерттеуді болашақтың, жас буынның еншісіне аманат етіп қалдырды. Ендігі жерде Таңжарық ауылына атбасын бұрғысы келетіндердің бірде біреуі Оразанбай Егеубаев әлеміне соқпай өте алмайды.

Ораған кеткеліде біраз жыл болды. Сарғайған түпнұсқа өлеңдер мен Таңжарық ғұмырына қатысты құнды мәліметтер әлі басылмай келеді. Қорапшаларға салынып, желімделген бойы Астанадағы Айдын Оразанбайұлының үйінде, Меңтай апаның қолында сақтаулы.

Өткен жылы ШҰАР «Іле халық баспасы» мен «Жазушы» баспасы бірігіп, екі қаріппен ақынның екі томдығын шығарды. Иә, Таңжарық Жолдыұлы тәуелсіз Қазақстанда нағыз Алаш ақыны беделімен, ал Қытайда «материалист», «демократ» шапанымен өмір сүре береді. Онда тұрған дәнеңе жоқ!

Ендігі жерде, ақынның архивте жатқан қолжазбасын шығару ісі шешімін табары сөзсіз. Себебі, атамекені тәуелсіздігін алған – Қазақ елі. Таңжарық тұғырын Оразанбай дйттеген, Оразхан нұсқаған жерге жеткізу – басты нысана. Түпнұсқаны түгендеп, түптеп шығаратын күнге жеттік. Бұған тәубе деу орынды болмақ. Енді тек қолжазбаларды қолға алсақ дейміз.

Ауыт МҰҚИБЕК